



Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің 80 жылдығына орай өтетін «Өнер арқылы тұрақты даму мақсаттарын алға жылжыту» халықаралық шығармашылық симпозиумын (пленэр) өткізу туралы ереже

1. Жалпы ереже

1. Осы ереже Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеттің 80 жылдығына орай «Өнер арқылы тұрақты даму мақсаттарын алға жылжыту» атты халықаралық шығармашылық симпозиумының (пленэр) (бұдан әрі – Симпозиум) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Халықаралық шығармашылық Симпозиумды (пленэр) ұйымдастырушы Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институты, Кәсіптік білім кафедрасы

1.3 Халықаралық шығармашылық Симпозиумды (пленэр) ұйымдастыру және өткізу, симпозиум туралы ереженің орындалуын бірыңғай қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру алқасы және жұмыс тобы құрылады

2. Симпозиумның мақсаты:

2.1 тұрақты даму мақсаттарымен халықаралық ынтымақтастық кәсіби өнер аймағын құру және нығайту, дарынды білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ету.

3. Симпозиумның міндеттері:

3.1 танымал суретшілердің шығармашылық жетістіктерімен тәжірибе алмасу және өнер арқылы тұрақты даму мақсаттарына үлес қосу;

3.2 отандық және шетелдік суретшілер мен білім алушылар арасында шығармашылық серіктестік қарым-қатынастарды жақсартуға жағдай жасау.

4. Симпозиумға қатысушылар

4.1 Қазақстан Республикасының және алыс және жақын шетел ЖОО-ның студенттері мен оқытушылары қатыса алады (1 оқытушы, 2 студент).

5. Симпозиумның өтетін күндері мен орны

- 2024 жыл 05-07 маусым

- Қазақстан Республикасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Алматы қ., Гоголь к. 114, №1 оқу ғимараты, Акт залы

- Симпозиум туралы ереже <https://qyzpu.edu.kz> сайтында жарияланады.

Симпозиум координаторы:

Нұртаза Айдана Нұралықызы ұял.т. +7 775 736 6468/ whatsapp

6. Симпозиумның өткізу шарттары:

- симпозиумға (пленэр) қатысушылар Алатау тау бөктерінің табиғатына пленэрлік этюд орындайды, сонымен қатар шығармашылық шеберханаларда шеберлік сыныптар өтеді;

- симпозиум соңында қатысушылардың қорытынды көрмесі ұйымдастырылады;
- симпозиумда орындалған шығармашылық жұмыстар осы іс шараны ұйымдастырған университет қорында сақталады;
- Халықаралық шығармашылық симпозиум (пенэр) қорытындысы бойынша қатысушылардың шығармашылық жұмыстарының каталогы шығарылады және тұрақты даму орталығын ашу жүзеге асырылады;
- Халықаралық шығармашылық симпозиум туралы ақпарат <https://qyzpu.edu.kz> сайтында жарияланады.
- ЖОО оқытушылары мен қонақтарға арналған шетелдік танымал профессор-оқытушылармен семинар-тренинг және шеберлік сабақтар жүргізіледі. Тыңдаушыларға сертификат беріледі;
- Симпозиум қорытындысы бойынша қатысушылардың аяқталған шығармашылық жұмыстарының байқауы өткізіледі.

7. Симпозиумның номинациялары:

1) Шығармашылық жұмыстар жазу.

Тақырыптары:

- Әлем құпияларының шынайлығы;
- Өнер әлемді құтқарады;
- Өнер арқылы қоршаған ортаны сақтау;
- Гендерлік теңдік Отбасылық құндылық.

Қатысушылар тақырыпқа сәйкес мазмұнды, әлемдік ахуалдан сыр шертетін көріністерді бейнелей алады.

2) Ашық аспан астында табиғат көрінісіне шығармашылық этюд жазу.

Қатысушылар еркін таңдаған табиғат нысандарын айқындап мазмұнды шығармашылық этюд жазады. Пенэрлік жұмыстар реализм бағытында орындалуы керек.

8. Бағалау критерийлері

- жұмыс мазмұнының тақырып және міндеттеріне сәйкестігі;
- техникалық жазу мәнері және орындалу сапасы;
- түс пен реңнің композициялық шешімі;
- өзіндік ойдың ерекшелігі;
- шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы өзіндік ерекшелігі, композицияның аяқталуы;
- плагиат және басқа адамдардың туындыларын көшіру құпталмайды.

9. Қазылар алқасының құрамы

9.1 Тәуелсіз қазылар алқасының құрамына Қазақстан және шетелдік ЖОО-ның профессор оқытушылары мен танымал суретші мамандары кіреді.

9.2 Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және шағымдануға жатпайды.

10. Байқаудың марапаттауы

10.1 Симпозиумға (пенэр) қатысушылар байқау қорытындысы бойынша марапатталады;

10.2 Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады (Бас жүлде – 1; I орын – 1; II орын – 2; III орын – 3) және барлық қатысушыларға сертификаттар және жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі;

1-ші Номинация бойынша:

- Әлем құпияларының шынайлығы -2

- Өнер әлемді құтқарады – 2
- Гендерлік теңдік Отбасылық құндылық - 2

2-ші Номинация бойынша:

- Ең үздік композициялық шешім - 2
- Ең үздік колористік шешім – 2
- Үздік автордың көркемдік шеберлік деңгейі;– 2

11. Шығармашылық симпозиумды (пенэр) қаржыландыру:

11.1 Пенэр мен шеберлік сыныбын ұйымдастыруға қажетті материалдар мен майлы бояулар және т.б. қаражатты (кенеп өлшемі 50x70; 60x80) ұйымдастырушылар қамтамасыз етеді;

11.2 Шеберлік сыныпқа қатысушыларының жол шығыны ЖОО университеттері тарапынан жүзеге асырылады;

11.3 Жатақханада тұру, қонақүйлер және тамақтану халықаралық шығармашылық симпозиумның университет ұйымдастырушыларымен қамтамасыз етіледі;

11.4 Симпозиумға (пенэр) қатысушылар өздеріне қажетті материалдарды бірге ала келуі тиіс (этнодник, қарындаш, қылқалам, палитра т.б.).

12. Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- **2024 жылдың 20 мамырына дейін** gulmariakaldybaeva@gmail.com; 15.01.70dana@gmail.com электронды поштасына төмендегі мәліметтерді жіберу керек:

- 1) Қатысушылардың өтініш парақшасы (*Қосымша 1*).
- 2) Қатысушының қысқаша портфолиосы (*фотосурет, қысқаша өмірбаяны, шығармашылық жұмыстарының 2-3 суреті және жұмыстың атауы, орындалған материалы, өлшемі*). PDF, MS Word форматында.

13. Семинар-тренинг және шеберлік сабаққа қатысу шарттары:

- Семинар-тренинг және шеберлік сабақтың ұйымдастырушылық жарнасы шетелдік және отандық өзге ЖОО оқытушыларға 15000 тенге (ҚазҰҚПУ оқытушыларына 10000 тенге) құрайды. Сертификат жарнасы **kaspi қосымшасы** арқылы төлем жасалады.

Тыңдаушылардың өтінімі **2024 жылдың 01 маусым айына дейін** Galiya15.03.63@gmail.com электронды поштасына жіберу керек. (*Қосымша 2*).

Қосымша 1

Өтінішті толтыру үлгісі

Елі, қала	
Оқу орнының атауы	
Қатысушы жетекшісінің толық аты-жөні	
Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Білім алушының тізімі	1
	2
Қатысушының қысқаша портфолиосы жеке толтырылады	
Қатысушының фотосурет	
Қысқаша өмірбаяны	
Шығармашылық жұмыстарының 2-3 суреті және жұмыстың атауы, орындалған материалы, өлшемі. PDF, MS Word форматында.	

Ұял. телефоны	
E-mail:	
Келу күні	

Қосымша 2

«Көркемдік білім беру жүйесіндегі заманауи техникалар мен инновациялар» атты
Семинар-тренинг және шеберлік сабаққа қатысуға

ӨТІНІМ

Елі, қала	
Оқу орнының атауы	
Тыңдаушының толық аты-жөні	
Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Ұял. телефоны	
E-mail:	

Жауапты тұлғалармен байланыстар:

Қырықбаева Сара Мукашевна, +7 707 820 2466

Тұрғымбай Марат Еңсебекұлы, +7 701 766 4841